

катысты ережелерде елеулі ұқсастықтар бар, бірақ қылмыстық жауаптылықтың жасы, жазаның ауырлығы және қылмыстық қудалау жүйесінің ұйымдастырылуы сияқты салаларда елеулі айырмашылықтар бар.

Түркия мен Қазақстандағы қылмыстық жазалардың қолданылуы және олардың тиімділігі бойынша бірнеше түрлі көзқарастар мен тәжірибелер кездеседі. Бұл салыстыру екі елдің құқық қорғау жүйелері мен қылмыстық құқықтың болашағы тұрғысынан маңызды маңызға ие, әсіресе қылмыстың алдын алу және адам құқықтарын қорғау мәселелерінде. Сонымен қатар, екі елдің заңнамаларында қылмыстық жазалардың ізгілендірілуі мен тиімділігін арттыру, қылмыстық қудалау жүйесінің жетілдірілуі бойынша қосымша назар аударуды талап ететін бірқатар аспектілер бар.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі. Қазақстан-Түркия тауар айналымы.
<https://www.gov.kz/memleket/entities/economy/press/news/details/647148?lang=kk>
2. ТЕЛЛЕНБАХ, С. (2006). О новом Уголовном кодексе Турции. Уголовное право, (2), 72-77.
3. Sayılı Türk Ceza Kanunu.
<https://www.mkilavuz.av.tr/?p=mevzuat&id=138>
4. БАЛТАБАЕВ, К. Ж. (2017). Особенности Уголовного кодекса Республики Казахстан. Уголовное право, (4), 18-25.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКІЯ ЕЛІНІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСТЕРІНЕ САЛЫСТЫРМАЛАР

Еділбай М.Е., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті
Заң факультеті Ю-23-1к тобының студенті

Ғылыми жетекші: Алтайбаев С.Қ., академик Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры, з.ғ.к.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 1997 жылы қабылданған, ал қазіргі қолданыстағы редакциясы 2014 жылы 3 шілдеде бекітілген. Кодекс жалпы және ерекше бөліктен, 7 бөлім 18 тараудан тұрады. Қылмыстық Кодекстің жалпы бөлігі 7 бөлімнен тұрады, олар: қылмыстық заң, қылмыс, жаза, жаза тағайындау, қылмыстық жауаптылық пен жазалаудан босату, кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары. Әр бөлім баптарға бөлінген. Оларда қылмыс түсінігі, кінәнің түрі мен формалары, жаза түрлері мен мөлшері, жаза тағайындау тәртібі, қылмыстық жауаптылық деген түсініктер қарастырылады. Ерекше бөлік 18 тараудан тұрады. Ерекше бөлімнің жалпы бөлімнен ерекшелігі — ерекше бөлімде тек нақты қылмыстар қаралады. Ерекше бөлімнің әрбір бабы диспозиция мен санкциядан тұрады.

Ал Түркия Қылмыстық Кодексі алғаш рет 1926 жылы қабылданды, соңғы негізгі өзгерістер 2004 жылы енгізілді. Түркия кодексі 3 кітаптан тұрады. 1-кітапта қылмыстық жауапкершіліктің жалпы негіздері, 2-кітапта қылмыстар, 3-кітапта теріс қылықтар егжей-тегжейлі қарастырылған. 1-кітабының өзінде 592 бап қарастырылған.

Қазақстан мен Түркия Республикаларының қылмыстық кодекстерін салыстыру олардың құқықтық жүйелерінің ерекшеліктерін, қылмыстық заңнамасының құрылымын және қолдану практикасын түсінуге мүмкіндік береді.

Жазаның түрлері мен мақсаты:

Қазақстанда негізгі жаза түрлері: айыппұл, қоғамдық жұмыстар, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру. Жазаның мақсаты қылмыскерді түзету, қайта әлеуметтендіру және қылмыстың алдын алу. Түркия елінде жазаның негізгі түрлері: түрме жазасы, айыппұл, қоғамдық қызмет. Жазаның мақсаты — қоғамды қорғау және қылмыскерді түзету.

Қылмыстық жауаптылық жасы:

Қазақстанда қылмыстық жауаптылық жалпы 16 жастан басталады, бірақ ауыр қылмыстар үшін 14 жас белгіленген. Түркияда да қылмыстық жауаптылық жалпы 18 жастан, ауыр қылмыстар үшін 15 жастан басталады.

Жаза тағайындау: Түркияның қылмыстық кодексінде жазаны жеңілдету жағдайларына кең мүмкіндіктер қарастырылған (мысалы, медиация). Қазақстанда медиация институты дамып келеді, бірақ Түркияда ол белсендірек қолданылады, әсіресе отбасылық және кішігірім қылмыстарда.

Ал ішіндегі баптарындағы өзгерістерді салыстырсақ.

1. Ең бірінші адам өлтіргені үшін жаза ҚР Қылмыстық Кодексінің 99-бабына сәйкес: қасақана адам өлтіру 8 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын қарастырады. Ауырлататын мән-жайларда (баланы, жүкті әйелді өлтіру, ерекше қатыгездікпен) жаза мерзімі 15 жылдан өмір бойына бас бостандығынан айыруға дейін жетеді. Ал Түркия Қылмыстық Кодексінің 81-82-баптарына сәйкес: қасақана адам өлтіру үшін жаза өмір бойы бас бостандығынан айыру. Ауырлататын мән-жайларда (қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіру немесе террористік әрекет) қатаң өмір бойғы түрме жазасы қолданылады.

2. Мен үшін ең қызығы өлім жазасын қарастырсақ. Бұл жаза екі елде де алынып тасталған. Қазақстанда 2021 жылы өлім жазасы толық жойылды. Қазақстанда ең ауыр жаза – өмір бойына бас бостандығынан айыру. Ал Түркия елінде өлім жазасы 2004 жылы жойылды, бірақ оның орнына “қатандатылған өмір бойғы бас бостандығынан айыру” енгізілді. Бірақ, Түркия үкіметі соғыс жағдайында өлім жазасын қолдана алады. Сол себепті, Түркия елінде бұл жаза толықтай жойылған деп айта алмаймын.

3. Ұрлық және тонау: Қазақстан ҚК 188, 191-баптарына сәйкес: ұрлық (ұрлау) жаза ретінде 2 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айыруды қарастырады. Егер ұрлық ауырлататын мән-жайларда (топпен, үлкен көлемде немесе аса ірі залал келтірсе) жасалса, 7 жылдан 12 жылға дейін түрме жазасы беріледі. Тонау (ашық түрде ұрлау) ауырлығы бойынша 4 жылдан 10 жылға дейін жазаны қамтиды. Ал Түркия ҚК 141-147-баптарына сәйкес: ұрлыққа жазаның ең төменгі деңгейі 1 жыланан басталады. Егер ұрлық тұрғын үйде, мемлекеттік мүлікке немесе діни объектілерге қатысты жасалса, 10 жылдан асатын жазалар қарастырылуы мүмкін. Тонау үшін жазаның бастапқы деңгейі 6 жылдан басталады. Қаруды қолданған жағдайда немесе топпен ұйымдасқан әрекет кезінде бұл мерзім 15-20 жылға дейін артады. Бұл жерде көретін ең бірінші айырмашылық: Түркияда жазалау қатаң, әсіресе діни және қоғамдық орындарға қатысты ұрлық немесе тонау болса.

4. Нашәқорлық және есірткі айналымы

Қазақстан ҚК 296-299-баптарына сәйкес: есірткі заттарын сақтау немесе қолдану жазасы 3 жылдан басталып, егер үлкен мөлшерде сатумен айналысса, өмір бойына түрмеге жабылуға дейін жаза қарастырылады. Жасөспірімдерге есірткі тарату немесе қоғамдық орында қолдану жазаны ауырлататын мән-жайлар санатына жатқызылып, 10 жылдан 15 жылға дейін түрме қарастырылады. Ал Түркия ҚК 188-191-баптарына сәйкес: есірткі саудасымен айналысқандарға ең төменгі жаза – 10 жыл. Ұйымдасқан топпен әрекет етсе, 20 жылдан асуы мүмкін. Есірткі қолданғандар немесе сақтағандар міндетті түрде реабилитация бағдарламаларына жіберіледі, бұл қылмыстық жауапкершілікпен қоса жүзеге асырылады.

Қорытындылай келе, Қазақстан мен Түркияның қылмыстық кодекстерін салыстыру құқықтық жүйелердің ұқсастығы мен ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Екі ел де континенттік құқықтық дәстүрге сүйенеді және қылмыстық заңнаманың мақсаты ретінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен қылмыстың алдын алуды қояды.

Сонымен қатар, заңнаманың ізгілендірілуі, өлім жазасының жойылуы және медиация институттарының дамуы ортақ бағыттар болып табылады. Дегенмен, Түркия терроризм мен діни негіздегі қылмыстарға ерекше назар аударса, Қазақстан сыбайлас жемқорлықпен және экономикалық қылмыстармен күреске басымдық береді. Қазақстанда есірткімен күрес өте қатаң жазалар арқылы шешілсе, Түркияда саудагерлерге қатаң жаза қарастырылып, қолданушыларға реабилитация ұсынылады. Екі елдің қылмыстық заңнамаларын салыстыру құқықтық тәжірибені жетілдіру және тиімді реформаларды жүзеге асыру үшін пайдалы негіз бола алады.

Қазақстан мен Түркияның қылмыстық заңнамаларының өзара ұқсастықтары көп болғанымен, олардың қолдану практикасы мен құқықтық басымдықтары елдердің тарихи, мәдени және әлеуметтік ерекшеліктеріне байланысты айырмашылық жасайды. Бұл заңнамаларды салыстыру құқықтық реформаларды жетілдіруде пайдалы тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексі № 226-V ҚРЗ.
2. Түркия Республикасының Қылмыстық кодексі (Türk Ceza Kanunu, ТСК).
3. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы.
4. Түркия Республикасының 1982 жылғы Конституциясы.
5. Ә. Бәйімбетова. Қылмыстық заңнаманы гуманизациялау: Қазақстан тәжірибесі
6. Wikipedia.org

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жамбыл Н.Б., Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ 2 курс магистранты
Кусаинова Л.К., з.ғ.к., профессор, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ

Сыбайлас жемқорлық – бұл кез келген қоғамның дамуына кері әсерін тигізетін күрделі құбылыс. Жемқорлық мәселесі тек қана экономикалық және әлеуметтік тұрақтылыққа қауіп төндіріп қоймай, халықтың мемлекетке деген сенімін жоғалтуға әкеледі. Осыған байланысты Қазақстанда қабылданған шаралар мен заңнамалық бастамаларға қарамастан, бұл құбылыс әлі де өзекті болып отыр.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағыттарын зерттеп, заңнамалық актілерді талдап, осы саладағы отандық және шетелдік авторлардың еңбектерін негізге ала отырып, жемқорлықтың алдын алу жолдарын ұсыну.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы (2015 жылғы 18 қараша) жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыруда негізгі құқықтық негіз болып табылады [1]. Бұл заңда сыбайлас жемқорлықтың анықтамасы, оның алдын алу шаралары мен жауапкершілік түрлері айқындалған. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 366-бабы бойынша пара алу, ал 367-бабы бойынша пара беру әрекеттері қылмыс ретінде қарастырылады [2].

Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жариялаған деректерге сәйкес, 2023 жылы елде тіркелген жемқорлық құқықбұзушылықтардың басым бөлігі мемлекеттік сатып алулар, жер ресурстарын басқару және денсаулық сақтау салаларында орын алған.

Отандық зерттеуші ғалым Е.Е. Әбенев өз еңбектерінде сыбайлас жемқорлықты қоғамның экономикалық және мәдени деңгейімен тығыз байланысты деп көрсеткен. Оның пікірінше, жемқорлыққа қарсы күрестің тиімді жолы – мемлекеттік басқару жүйесінде ақпараттық ашықтықты қамтамасыз ету.

Ғ.Е. Нұрғалиев сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін қоғамдағы құқықтық мәдениеттің маңыздылығын атап өтеді. Ол жемқорлыққа төзімсіздік ұстанымдарын мектеп қабырғасынан бастап оқытуды ұсынады.

Халықаралық деңгейдегі зерттеулерде, мысалы, Transparency International ұйымының баяндамаларында сыбайлас жемқорлықты азайту үшін келесі әдістер ұсынылады:

- Мемлекеттік аппаратты цифрландыру;
- Азаматтық қоғам мен үкіметтік емес ұйымдардың ролін күшейту;
- Мемлекеттік қызметкерлердің табысын заңнамалық деңгейде реттеу.

Құқықтық негіздер мен проблемаларды шешу жолдары

Қазақстанның заңнамасында сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін негізгі шаралар қарастырылған. Алайда, жемқорлықтың алдын алу үшін келесідей мәселелерге назар аудару қажет:

ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес, білім беру мекемелерінде әділдік қағидатын сақтау – басты міндет. Алайда, емтихандар кезінде заңсыз әрекеттердің орын алуы білім саласын реформалауды талап етеді.

Құқық қорғау жүйесіндегі жемқорлықты жою үшін құқықтық жүйенің тәуелсіздігін қамтамасыз ету маңызды. Бұл ретте, ҚР Конституциясының 1-бабының 1-тармағындағы құқықтық мемлекет қағидаттарына сәйкес, заңның үстемдігі басты орынға қойылуы тиіс.

Мемлекеттік сатып алулардың ашықтығы. ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы аясында цифрлық платформаларды жетілдіру арқылы бұл саланың ашықтығын қамтамасыз ету қажет.